

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



Бекітемін

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАК
Басқарма Төрағасы м. а. – Ректор**





Т.Балықбаев




«15 қаңпан 2021 ж.»

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІШКІ АКТІЛЕРГЕ
САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ**

ҚАҒИДАСЫ

Көшірме	Дайындаған	Келісілген
	Нургисаев С.Ө. 	Дулатов Г.С. 
	Усипов Қ.Т. 	Оразғали Ә.Д. 

	Абай атындағы ҚазҰПУ КАҚ	Күні: 10.02.2021
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі актілерге сараптама жүргізу қағидасы	

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу жөніндегі қағида (бұдан әрі-Қағида) сараптама жүргізу кезінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету және университеттің қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық факторларын жою жөнінде ұсыныстар дайындау мақсатында әзірленді.

1.2 Қағида сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормаларды алып тастау, университеттің ішкі актілеріне өзгерістер енгізу және қайта қарау бойынша мазмұнға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

1.3 Ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) объективтілік;
- 3) толықтығы мен жан-жақтылығы;
- 4) ашықтық;
- 5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

1.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың негізгі міндеттері:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен мүмкіндіктерін объективті және жан-жақты анықтау;

- талдау субъектілерінің қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық факторларын жою бойынша негізделген ұсыныстарды қалыптастыру.

1.5 Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама - сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың қорытындысын шығара отырып, ішкі актілердің және ішкі актілердің жобаларын оларда сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау мақсатында зерттеу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері - мемлекеттік органның (жергілікті өзін-өзі басқару органының) міндеттерін іске асыруға нұқсан келтіруі, ал қоғамдық мүдделерге жеке мүдделер нұқсан келтіруі мүмкін сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындау ықтималдығы;

Сыбайлас жемқорлық көрінісі - сеніп тапсырылған билікті жеке мақсатта теріс пайдалану.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама талдаудың бағыттары

2.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың мақсаты университеттің қызметіне қатысты ішкі актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

2.2 Университеттің қызметін қозғайтын ішкі актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етуі мүмкін нормалар анықталады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалардың сәйкестендіру белгілері:

2.2.1 Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің, шарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;


- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің ұзақтығын белгісіз кезеңге не мерзімдерді ұзартудың нақты шарттарын белгілемей ұлғайту мүмкіндігі;

- шешім қабылдаудың (іс-әрекет жасаудың) негізсіз кең уақыт ауқымын белгілеу;

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерін есеіптеу сипатына нұсқаудың болмауы;

	Абай атындағы ҚазҰПУ КАҚ	Күні: 10.02.2021
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі актілерге сараптама жүргізу қағидасы	

- шарттарды (негіздерді) дәл айқындаусыз қандай да бір шешім қабылдаудың бірнеше нұсқаларының болуы;
 - ішкі актіде «бойы», «ақылға қонымды мерзім», «тиісті мерзім», «белгіленген мерзім (кезең)», «егер ол басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленбесе» деген тұжырымдамаларды және басқа да осыған ұқсас айқындалмаған тұжырымдамаларды пайдалану;
 - университеттің (олардың лауазымды тұлғаларының) қайталанатын өкілеттіктерінің болуы;
 - бір шешім үшін бірнеше қызметкерлердің жауапкершілігін белгілеу.
- 2.2.2 «Құқылы» формуласы бойынша құзыреттілікті айқындау:
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:
- ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «құқылы», «мүмкін» және т. б. тұжырымдарын қолдану;
 - ішкі актінің мәтінінде өкілеттікті тек құқық ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы (яғни белгілі бір жағдайларда оны жүзеге асырмау);
 - ішкі актінің мәтінінде құқықты белгілі бір әрекеттерді жасау міндеті ретінде емес, мүмкіндік ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы.
- 2.2.3 Реттеудегі олқылықтың болуы:
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:
- мәртебелік нормалардың болмауы (егер олар);
 - қызметтің қандай да бір түрін регламенттеуге, университетке бекітілген функцияны іске асыруға қатысты нормалардың болмауы;
 - мінез-құлық қағидаларының болмауы және қойылатын талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.
- 2.2.4 Әкімшілік рәсімдердің болмауы немесе толық болмауы:
- бизнес-рәсімдердің және/немесе әкімшілік рәсімнің түпкілікті нәтижесін алуға бағытталған дәйекті іс-қимылдар (кезеңдер) тізбесінің болмауы;
 - университеттің (лауазымды тұлғаның) шешім қабылдауы үшін регламенттелген негіздердің болмауы;
 - жеке және заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдау кезінде қабылдауға немесе бас тартуға заңды негіздерге субъективті тәсілдердің болуы.
- 2.2.5 Құқықтар көлемін таңдамалы өзгеруі.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің көрсеткіштері:
- құқықтар көлемін өзгерту туралы шешімдер қабылдау шарттарының, өлшем шарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;
 - нақты шарттар мен негіздерді белгілемей, құқықтар көлемін өзгерту туралы шешімдер қабылдау кезінде негізсіз кең өкілеттіктер белгілеу;
 - ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «әдетте», «ерекше жағдайларда», «жекелеген жағдайларда» немесе «... шартымен» және т. б. сияқты түсініксіз, белгісіз мазмұндағы мұндай тұжырымдарды қолдану;
- 2.2.6 Ішкі актілердің коллизиясы
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:
- бір деңгейлі актілер арасында қайшылықтың болуы;
 - негізгі және туынды ішкі акт арасындағы қайшылықтың болуы;
 - НҚА ережелері мен ішкі актілердің арасында қайшылықтардың болуы.

	Абай атындағы ҚазҰПУ КАҚ	Күні: 10.02.2021
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі актілерге сараптама жүргізу қағидасы	

2.2.7 Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- жеке (лауазымды) және заңды тұлғаларға субъектілік құқықтары мен бостандықтарын тиісінше іске асыру үшін оларды орындауда қажеттілік жоқ міндеттерді жүктеу;

- ішкі актінің мәтінінде ашық, бас тарту үшін негіздемелер тізбесінің, басқа НҚА-да белгіленген бас тарту үшін негіздемелерге сілтемелердің, оның ішінде заңға тәуелді сипаттағы сілтемелердің болуы;

- жеке (лауазымды) және заңды тұлғаларға қолданыстағы НҚА-да көзделмеген құжаттарды, ақпаратты, анықтамаларды, өтініштерді және т. б. ұсыну міндетін жүктеу;

- жоба мәтінінде «бұлыңғыр», бас тарту үшін субъективті-бағалау негіздерінің болуы.

2.2.8 Заңдық-лингвистикалық белгісіздік

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- ішкі актінің мәтінінде юриспруденцияда екіұштылық немесе орын алмаған терминдерді, сөз тіркестерін және сөйлеу айналымдарын пайдалану. Оның ішінде: «орынды», «төтенше жағдайларда», «ақылға қонымды мерзімде», «қысқа мерзімде», «ұзақ мерзімде», «белгілі бір жағдайларда», «жеткілікті негіздерде», «шектелмеген уақыт», «өзге атаулар (жағдайлар, шарттар, тәртіп, рәсімдер)», «және т. б.», «басқалары..», «басқа нұсқалар», «қолданғаны дұрыс», «кейбір жағдайларда», «өзге атауларға (жағдайлар, шарттар, тәртіп, рәсімдер) жол беріледі (рұқсат етілген)» және т. б.

- ішкі актілердің мазмұнында құбылысты, оқиғаны, фактіні әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін түсініксіз, белгісіз мазмұны бар бағалау сипатындағы ұғымдар мен тұжырымдардың болуы;

- бір ішкі актінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында оларды құқықтық тұрғыдан әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін мағыналық айырмашылықтардың болуы;

- жеке және заңды тұлғалардың заңды жауапкершілігін белгілейтін нормаларда белгісіздіктің, түсініксіздіктің және міндетті еместіктің болуы;

2.2.9 Басқа да сыбайлас жемқорлық факторлары


Факторлар тізімі:

Конкурстық (аукциондық) рәсімдердің болмауы; қызметкердің құқық бұзушылық үшін жауапкершілігінің болмауы; бақылаудың болмауы, соның ішінде қоғамдық, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қызметкерлермен; талдау субъектісі (олардың өкілдері) мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы тікелей байланысты заңдастыратын нормалардың болуы; тиісті өкілеттіктерді заңнамалық түрде берудің болмауында ішкі актінің көмегімен заңнамалық олқылықтарды толтыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама қорытындысы

3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың нәтижелері ескертулер мен ұсыныстар болған кезде қорытындымен ресімделеді.

3.2 Актіде сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындыда жобаның құрылымдық бірліктерін (бөлімдерін, тармақтарын, тармақшаларын, абзацтарын) көрсете

	Абай атындағы ҚазҰПУ КАҚ	Күні: 10.02.2021
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі актілерге сараптама жүргізу қағидасы	

отырып, барлық анықталған сыбайлас жемқорлық факторлары көрсетіледі. Бұл ретте қорытындыда анықталған сыбайлас жемқорлық факторларын жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

3.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды актіні дайындауға жауапты құрылымдық бөлімшеде міндетті түрде қаралуға тиіс.